

**М.Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан университеті
ғылыми кеңесінің
№1 ХАТТАМАСЫ
29 қыркүйек 2025 ж.**

**Западно-Казахстанский
университет им. М.Утемисова
заседание ученого совета
ПРОТОКОЛ №1
29 сентября 2025 г.**

Өткен орны: 205-мәжіліс залы

Кенес төрағасы – Н.Х.Серғалиев

Ғылыми хатшы - А.С. Ниетова

Қатысқандар: ғылыми кеңестің 20 мүшесі

Қатыспағандар: ғылыми кеңестің 1 мүшесі (себепті)

Шақырылғандар: бөлім жетекшілері, білім беру бағдарламаларының жетекшілері, кафедра меңгерушілері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2025-2026 оқу жылына ғылыми кеңестің жұмыс жоспарын бекіту және ғылыми кеңес төрағасының орынбасарын тағайындау мен ғылыми хатшыны сайлау туралы. *Қ.М. Ахмеденов - ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор*
2. 2024-2025 оқу жылының екінші академиялық кезеңіндегі аралық аттестаттау нәтижесін талдау есебі. *А.Б. Тлесова - академиялық қызмет департаментінің директоры*
3. М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы. *А.А. Кульжумиева - сапа және аккредиттеу бөлімінің жетекшісі*
4. Ағымдағы мәселелер
 - 4.1. Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының білім беру бағдарламаларының тізілімінен білім беру бағдарламаларын алып тастау туралы. *Б.Ж. Джангазиева - білім беру бағдарламалары жобалық кеңсесінің жетекшісі*
 - 4.2. Ф.ғ.к., доцент З.Ж.Мүтиев, PhD доктор А.А.Ақбулатов, магистрлер Ж.Ө.Мұқанбетова, Қ.А.Галимова, М.Ж.Ешниязовалардың «Жайық-Каспий өңірі ақын-жазушыларының әдеби мұрасы мен қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті» атты ұжымдық монографиясын баспаға ұсыну туралы. *А.С. Ниетова – ғылыми хатшы*
 - 4.3. Философия доктор (PhD) Д.З.Сагидуллаевтың «Солтүстік-Шығыс Каспий маңының Алтын Орда кезеңіндегі тарихи географиясы» атты монографиясын баспаға ұсыну туралы. *А.С. Ниетова – ғылыми хатшы*
 - 4.4. П.ғ.к., доцент Г.Н.Кисметова мен Б.Д.Утегенова, Ш.Р.Мырзағали, А.И. Албаевалардың «AI in Language Learning» атты оқу құралын Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ жанындағы РОӘК грифін алуға ұсыну туралы. *А.С. Ниетова – ғылыми хатшы*
 - 4.5. Шетел тілдері мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау БББ жетекшісі

Б.Б.Утегалиева мен п.ғ.к., профессор Г.Б.Жумабековалардың «LinguaCulture» атты оқу құралын Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ жанындағы РОӘК грифін алуға ұсыну туралы. *А.С. Ниетова – ғылыми хатшы*

- 4.6. 7M01504 «Физика» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранттарына жаңа жетекші тағайындау туралы. *Г.М. Айтенова – математика мен физика мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасы жетекшісінің м.а.*
- 4.7. 7M02301 «Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасына ауысып келген 2-курс магистранты Г.Сағидоқасқа жаңа жетекші тағайындау туралы. *Ж.Ө.Мұханбетова – тіл, әдебиет және ақпарат білім беру бағдарламасының жетекшісі*
- 4.8. 7M01509 «Биология» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранттарына жаңа жетекші тағайындау туралы. *Р.Ж. Қожсағалиева – биология, география, химия мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасының жетекшісі*

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.М.Ахмеденов ғылыми кеңес мүшелерін құрылымдық бөлімдердің ұсынысы негізінде жасалып, басқарма мүшелерімен келісілген 2025-2026 оқу жылына арналған университет ғылыми кеңесінің жұмыс жоспарымен таныстырып аталған жоспарды бекітуді және Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының алқалы басқару органдары жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидасының 2-тарауының 9,11-тармақтарына сәйкес ғылыми кеңес төрағасының орынбасарына басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С. Қайсағалиеваның, ғылыми хатшылыққа кеңес мүшесі А.С. Ниетованың кандидатураларын ұсынып, кеңес мүшелерінің қолдауын сұрады (жоспар мәтіні тіркелді).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев ғылыми кеңес жоспарының танысу үшін кеңес мүшелеріне алдын ала жіберілгенін атап көрсетіп, ғылыми кеңестің жұмыс жоспарын бекіту және ғылыми кеңес төрағасының орынбасарына ұсынылған академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С. Қайсағалиева мен ғылыми хатшылыққа ұсынылған кеңес мүшесі А.С. Ниетованың кандидатураларына қандай да бір алып-қосарлары бар ма деп сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері ғылыми кеңес жоспарымен алдын ала танысқандарын және ғылыми кеңес төрағасының орынбасары мен ғылыми хатшылыққа ұсынылған кандидатураларды қолдайтындарын айтып, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары болып басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С. Қайсағалиева тағайындалсын.
3. Ғылыми хатшы болып кеңес мүшесі А.С. Ниетова сайлансын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша академиялық қызмет департаментінің директоры А.Б.Тлесованың 2024-2025 оқу жылының екінші академиялық кезеңіндегі аралық аттестаттаудың нәтижесі талданған есебі тыңдалды (есеп мәтіні тіркелді).

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев – жазғы сессия қорытындысында 174 студент оқудан шығарылды, солардың ішінде оқу ақысын төлей алмауына байланысты шығарылғандардың үлесі қанша?

Академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С.Қайсағалиева - оқу ақысын төлей алмай оқудан шығарылғандардың пайыздық үлесі аз, негізінен оқудан шығарылғандардың басым дені үлгермеушілер болды.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев тыңдалған мәселеге қатысты кімде қандай пікір барлығын сұрады.

Кеңес мүшесі п.ғ.д., профессор А.С.Қыдыршаев кеңес мүшелерінің 2024-2025 оқу жылының екінші академиялық кезеңіндегі аралық аттестаттаудың нәтижесі талданған есеппен және қаулы жобасымен алдын ала танысқандарын айтып, қаулы жобасын бекітуді дауысқа салуды ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

1. Оқу үлгерімінің талдау нәтижелері негізінде төмен көрсеткіштері бар білім алушыларға арналған менторлық бағдарламалар, қосымша сабақтар және психологиялық көмек көрсету шараларын қамтитын жеке қолдау жоспарлары әзірленіп бекітілсін және эдвайзерлердің жұмысы күшейтілсін.

Жауаптылар: факультет декандарының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, эдвайзерлер

Мерзімі: қазан-желтоқсан 2025 ж.

Аяқталу түрі: білім алушыларды қолдаудың жеке жоспарлары

2. Білім алушылардың оқытушымен өзіндік жұмыс (СОӨЖ, МОӨЖ) сабақтары бекітілген кестеге сай уақтылы өткізіліп, білім алушыларға қиындық тудыратын тақырыптар талданып, кейстер, практикалық тапсырмалар, жобалық жұмыстар түрінде тапсырмалар әзірленіп, олардың орындалуы қамтамасыз етілсін.

Жауаптылар: факультет декандарының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері

Мерзімі: қазан 2025 жыл

Аяқталу түрі: жаңартылған оқу материалдары

3. Факультеттер тарапынан үлгерімі төмен, сабақты жиі қалдыратын білім алушылармен кері байланыс орнату жолға қойылсын (хат жіберу, жеке кестеге сай тақырыптық кеңестер беру, әрбір білім алушымен жеке жұмыстану).

Жауаптылар: факультет декандарының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары

Мерзімі: оқу жылы бойына

Аяқталу түрі: бекітілген жеке кеңес беру кестелері, жіберілген хат, толтырылған хаттамалар

4. Білім алушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақтардың сапалы өткізілуіне аса назар аударылып, бұл мақсатта ПОҚ-тың пәнді игеруде күтілетін нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін түрлі жаңа замануи әдістерді (жасанды интеллектіні) кеңінен қолдануы үшін жұмыстар атқарылсын.

Жауаптылар: стратегиялық даму және инновация департаментінің директоры, факультет декандары

Мерзімі: желтоқсан 2025 жыл

Аяқталу түрі: оқыту семинарлары, тренингтер, толықтырылған емтихан қабылдау нысандары

5. Қаулының орындалуын қадағалау академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С.Қайсағалиеваға жүктелсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз алған сапа және аккредиттеу бөлімінің жетекшісі А.А. Кульжумиева кеңес мүшелерін М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырып, оның факультет, құрылымдық бөлімдердің ұсыныстары негізінде жасалып, басқарма мүшелері және бөлім жетекшілерімен келісілгеніне тоқтала келе бекітуді сұрады (жоспар тіркелді).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев биылғы оқу жылында университеттің институционалды аккредиттеуден өтетінін, 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының кеңес мүшелеріне танысу үшін алдын ала жіберілгенін айта келе, кеңес мүшелерінің қандай да бір ұсыныс пікірі бола ма деп сұрап, өзге сұрақ, ұсыныс болмаса университеттің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекітуді дауысқа салды.

Ғылыми кеңес мүшелері өздерінің университет жұмысының жоспармен алдын ала танысқандарын айтып, ұсынысты дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Ағымдағы мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

Білім беру бағдарламалары жобалық кеңсесінің жетекшісі Б.Ж. Джангазиева ғылыми кеңес мүшелерінен соңғы жылдары білім алушылардың контингенті болмауына байланысты 6В04102 «Экономикалық қауіпсіздік», 6В04106 «Мемлекеттік және жергілікті басқару», 6В03108 «Әлеуметтану-дінтану», 7М05102 «Биология» (1,5) білім беру бағдарламаларын Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының білім беру бағдарламаларының тізілімінен алып тастауға рұқсат беруді сұрады.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев - 7М05102 «Биология» (1,5) білім беру бағдарламасының 2 жылдық ғылыми бағыты бар ма?

Білім беру бағдарламалары жобалық кеңсесінің жетекшісі Б.Ж. Джангазиева – иә, 7М05102 «Биология» білім беру бағдарламасының 2 жылдық ғылыми бағыты бар.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы білім беру бағдарламаларының тізілімінен төмендегі білім беру бағдарламалары алынып тасталсын:

1. 6В04102 «Экономикалық қауіпсіздік»;
2. 6В04106 «Мемлекеттік және жергілікті басқару»;
3. 6В03108 «Әлеуметтану-дінтану»;
4. 7М05102 «Биология» (1,5).

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова ғылыми кеңес мүшелерін ф.ғ.к., доцент З.Ж.Мүтиев, PhD доктор А.А.Акбулатов, магистрлер Ж.Ө.Мұқанбетова, Қ.А.Галимова, М.Ж.Ешниязовалардың «Жайық-Каспий өңірі ақын-жазушыларының әдеби мұрасы мен қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті» ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бағдарламасы аясында дайындалған «Жайық-Каспий өңірі ақын-жазушыларының әдеби мұрасы мен қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті» атты ұжымдық монографиясын баспаға ұсыну туралы кеңес төрағасының атына келіп түскен өтінішімен таныстырып, құжаттарының талапқа сай ресімделгеніне тоқтала отырып, ұсынысты қолдауды сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Ф.ғ.к., доцент З.Ж.Мүтиев, PhD доктор А.А.Акбулатов, магистрлер Ж.Ө.Мұқанбетова, Қ.А.Галимова, М.Ж.Ешниязовалардың «Жайық-Каспий өңірі ақын-жазушыларының әдеби мұрасы мен қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті» атты ұжымдық монографиясы баспаға ұсынылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова ғылыми кеңес мүшелерін философия доктор (PhD) Д.З.Сагидуллаевтың «Солтүстік-шығыс Каспий маңының Алтын Орда дәуіріндегі тарихи географиясы» тақырыбындағы жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерін «Жас ғалым» гранттық қаржыландыру бағдарламасы аясында дайындалған «Солтүстік-Шығыс Каспий маңының Алтын Орда кезеңіндегі тарихи географиясы» атты монографиясын баспаға ұсыну туралы кеңес төрағасының атына келіп түскен өтінішімен таныстырып, құжаттарының талапқа сай ресімделгеніне тоқтала отырып, ұсынысты қолдауды сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Философия доктор (PhD) Д.З.Сагидуллаевтың «Солтүстік-Шығыс Каспий маңының Алтын Орда кезеңіндегі тарихи географиясы» атты монографиясы баспаға ұсынылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова ғылыми кеңес мүшелерін п.ғ.к., доцент Ғ.Н.Қисметова мен Б.Д.Утегенова, Ш.Р.Мырзағали, А.И. Албаевалардың «B018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының тобына арналған «AI in Language Learning» атты оқу құралын Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау», «023 Тілдер және әдебиет» кадрларды даярлау бағытындағы ОӘБ грифін алуға ұсыну туралы кеңес төрағасының атына келіп түскен өтінішімен таныстырып, құжаттарының талапқа сай ресімделгеніне тоқтала отырып, ұсынысты қолдауды сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

П.ғ.к., доцент Ғ.Н.Кисметова мен Б.Д.Утегенова, Ш.Р.Мырзағали, А.И. Албаевалардың «B018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының тобына арналған «AI in Language Learning» атты оқу құралын Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау», «023 Тілдер және әдебиет» кадрларды даярлау бағытындағы ОӘБ грифін алуға ұсынылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова ғылыми кеңес мүшелерін шетел тілдері мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасының жетекшісі, магистр Б.Б.Утеғалиева мен п.ғ.к., профессор Г.Б.Жумабековалардың «B018

Шет тілі мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының тобына арналған «LinguaCulture» атты оқу құралын Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлемдік тілдер университеті жанындағы РОӘК-тің «017 Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау», «023 Тілдер және әдебиет» білім беру бағытындағы ОӘБ грифіне ұсыну туралы кеңес төрағасының атына келіп түскен өтінішімен таныстырып, құжаттарының талапқа сай ресімделгеніне тоқтала отырып, ұсынысты қолдауды сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Шетел тілдері мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау БББ жетекшісі Б.Б.Утегалиева мен п.ғ.к., профессор Г.Б.Жумабековалардың «B018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының тобына арналған «LinguaCulture» атты оқу құралы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау», «023 Тілдер және әдебиет» кадрларды даярлау бағытындағы ОӘБ грифін алуға ұсынылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Математика мен физика мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасы жетекшісінің м.а. Г.М.Айтенова ғылыми кеңес мүшелерінен 7M01504 «Физика» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранттары Ж.А. Жубанчалиева, А.Е. Есқақов, Б.Т. Тажимурадовтардың ғылыми жетекшісі А.Б. Медешованың жұмыстан босауына байланысты аталған магистранттардың диссертация тақырыбын сақтай отырып, жаңа жетекші ретінде философия докторы (PhD) М.Д.Кабибуллинді тағайындауға рұқсат беруді сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

7M01504 «Физика» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранттары Ж.А. Жубанчалиева, А.Е. Есқақов, Б.Т. Тажимурадовтардың магистрлік диссертациясының тақырыбын сақтай отырып, жаңа жетекші ретінде PhD доктор М.Д.Кабибуллин тағайындалсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Тіл, әдебиет және ақпарат білім беру бағдарламасының жетекшісі Ж.Ө. Мұханбетова ғылыми кеңес мүшелерінен Сағидоқас Гүлденнің Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен 7M02301 «Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасының 2-курсына ауысып келуіне байланысты, оның аталған университетте «Балалар әдебиетінің прагмастистикалық аспектісі» деп бекітілген магистрлік диссертациясының тақырыбын сақтай

отырып, жаңа жетекші ретінде философия докторы (PhD), аға оқытушы К.Б. Жумашеваны тағайындауға рұқсат беруді сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

7M02301 «Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасына ауысып келген 2-курс магистранты Г.Сағидоқастың магистрлік диссертациясының тақырыбын сақтай отырып, жаңа жетекші ретінде PhD доктор, аға оқытушы К.Б. Жумашева тағайындалсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Биология, география, химия мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасының жетекшісі Р.Ж.Кожажалиева ғылыми кеңес мүшелерінен 7M01509 «Биология» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранттары А.Ж. Жолболсынова, А.Б. Муратова, М.Т. Ұзақбаев, Л.А. Мухитовалардың ғылыми жетекшісі, философия докторы (PhD) А.Н.Сарсенованың «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасы аясында АҚШ-тың Сакраменто қаласындағы Davis университетінің College of Biological Sciences факультетінде ғылыми тағылымдамадан өтуге кетуіне байланысты аталған магистранттардың диссертация тақырыбын сақтай отырып, жаңа жетекші ретінде б.ғ.д., профессор Т.Е.Дарбаеваны тағайындауға рұқсат беруді сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

7M01509 «Биология» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранттары А.Ж. Жолболсынова, А.Б. Муратова, М.Т. Ұзақбаев, Л.А. Мухитовалардың магистрлік диссертациясының тақырыбын сақтай отырып, жаңа жетекші ретінде б.ғ.д., профессор Т.Е.Дарбаева тағайындалсын.

Кеңес төрағасы:



Н.Х.Серғалиев

Ғылыми хатшы:



А.С.Нисетова

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кеңесінің
2025 – 2026 оқу жылындағы**

қатысу парағы

29.09.2025 ж.

| № | Аты-жөні | Лауазымы | Қатысуы |
|-----|--------------------------------------|---|---------|
| 1. | Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы | басқарма төрағасы-ректор | |
| 2. | Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы | тарих ғылымдарының докторы, академик | |
| 3. | Қайсағалиева Гүлжахан Смайылқызы | академиялық мәселелер бойынша проректор | |
| 4. | Ахмеденов Қажымұрат Максотұлы | ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор | |
| 5. | Сүлейменов Мерген Қуанышұлы | ТЖ және ӘМ жөніндегі проректор | |
| 6. | Бекжанова Жадыра Мұратқызы | БҚО білім басқармасы мектеп бөлімінің басшысы | |
| 7. | Хусаинов Мерғали Серғазыұлы | ардагерлер кеңесінің төрағасы | |
| 8. | Ниетова Айгүл Серікқызы | ғылыми хатшы | |
| 9. | Қажиахметов Салауат Абайұлы | кәсіподақ ұйымының төрағасы | |
| 10. | Есенғалиева Алмагүл Нәсіпқалиқызы | физика-математика факультеті деканының м.а. | |
| 11. | Тұрғымбаев Ақан Асқарұлы | жаратылыстану-география факультетінің деканы | |
| 12. | Ерғалиева Гүлжан Алғазықызы | педагогика факультетінің деканы | |
| 13. | Қажымова Қарлығаш Рахымқызы | мәдениет және өнер факультетінің деканы | |
| 14. | Ақболатов Айдарбек Ахметұлы | филология факультетінің деканы | |
| 15. | Испулова Роза Нәбиқызы | педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент | |
| 16. | Искакова Балым Габбасқызы | экономика ғылымдарының кандидаты, доцент | |
| 17. | Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы | педагогика ғылымдарының докторы, профессор | |
| 18. | Кульжумиева Айман Амангелдіқызы | физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) | |
| 19. | Сагидуллаев Дарын Зайнуллаұлы | БҚУ жас ғалымдар кеңесінің төрағасы | |
| 20. | Ибатова Айнара Айтқалиқызы | музыкалық білім беру бағдарламасы- ның 1-курс магистранты | |
| 21. | Нұрболат Нұржол Ерланұлы | физика-математика факультетінің 3-курс студенті, студенттік ректор | |